

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 21 тамыз N 4021. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.11.28. N 271 Жарлығымен. ~U990271

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің қызметін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік басқару органдарын одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3986 U983986_ Жарлығын орындау мақсатында қаулы етемін:

1 . Б е к і т і л с і н :

1) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі туралы ереже; (1 қосымша)

2) қызметкерлерінің 76 адамдық шекті саны негізге алынып, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің құрылымы. (2-қосымша)

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1999.03.26. N 91 Ж а р л ы ғ ы м е н . U 9 9 0 0 9 1 _

2. Қазақстан Республикасының Тұрақты даму жөніндегі ұлттық кеңесі функциялары мен уәкілеттіктері Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне беріле отырып, таратылсын.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігін ұстаудың шығыстарын республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін осы Жарлыққа сәйкес к е л т і р с і н ;

3) осы Жарлықтан туындайтын өзге қажетті шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігін материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а с ы н .

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н 1 қ о с ы м ш а
Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 17 тамыздағы
N 4021 Жарлығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау
және реформалар жөніндегі агенттігі туралы
ЕРЕЖЕ
Мұраты

Стратегиялық жоспарлар әзірлеу және мемлекеттік органдардың оларды іске асыру жөніндегі қызметтерін үйлестіру арқылы Қазақстанның тұрақты дамуына ықпал ету.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағыныстағы және есеп беретін, стратегиялық жоспарлар мен мемлекеттік бағдарламалар жасау және іске асыру кезінде жалпы ұлттық дамудың мемлекеттік стратегиясын әзірлеуді, мемлекеттік органдардың қызметтерін ведомствоаралық және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Агенттік туралы ережені, сондай-ақ Агенттіктің құрылымы мен штат санын Агенттік Төрағасының ұсынуы б о й ы н ш а б е к і т е д і .

4. Агенттік - банкте есепшоты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі бар заңды тұлға.

2. Агенттік қызметінің басымдықтары

5. Агенттік қызметінің басымдықтары:

1) стратегиялық жоспарлау мен бақылау жүйесін қалыптастыру және

ж е т і л д і р у ;

2) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларды іске асыру жөніндегі қызметтерін үйлестірудің пәрменді тетігін жасау;

3) сыртқы көмекті басқарудың тиімділігін арттыру;

4) бюджет саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыруға қатысу;

5) мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру.

3. Агенттіктің негізгі міндеттері

6. Агенттіктің негізгі міндеттері:

1) стратегиялық жоспарлар әзірлеу;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімді (5 және одан да көп жылдарға) болжамдарын әзірлеу;

3) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларды іске асыру жөніндегі қызметтерін үйлестіру;

4) стратегиялық жоспарлардың жүзеге асырылуын бақылау және орындалу мониторингін жүргізу;

5) әскери стратегиялық, сыртқы саяси дамудың және ішкі саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеуге қатысу;

6) бюджет реформасының негізгі басымдықтарын қалыптастыруға қатысу;

7) мемлекеттік басқаруды реформалаудың стратегиясын әзірлеу;

8) сыртқы көмек стратегиялық жоспарларын әзірлеу;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша басым мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу.

4. Агенттіктің функциялары

7. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

1) Қазақстан Республикасы экономикасының және әлем экономикасының жай-күйін талдайды және дамуын болжайды;

2) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлар әзірлеу жөніндегі қызметтерін үйлестіреді;

3) сыртқы көмекті жоспарлауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметті реформалау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

5) Қазақстан Республикасының халықаралық экономикалық және қаржы ұйымдарының қызметтеріне қатысуымен байланысты мәселелер жөнінде саясат қалыптастыруына және шет елдермен экономикалық ынтымақтастық жөнінде ұсыныстар дайындауға қатысады;

6) мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттарын қалыптастыруға қатысады;

7) стратегиялық жоспарлау мен бақылау саласында заңдардың қолданылу тәжірибесін талдайды және қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар

әзірлейді, заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады, оларды Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қалауына енгізеді;

8) халықаралық шарттардың жобаларын дайындауға және сараптауға қ а т ы с а д ы ;

9) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын ж а с а с а д ы ;

10) Қазақстан Республикасының әскери-стратегиялық және сыртқы саяси дамуының негізгі бағыттарын әзірлеуге қатысады;

11) экономиканың стратегиялық маңызды секторларында заңдармен белгілеген тәртіппен ұлттық компаниялардың байқау кеңестерінде мемлекет м ү д д е л е р і н б і л д і р е д і ;

12) табиғи монополияға жататын салада немесе экономиканың стратегиялық секторларында жұмыс істейтін шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметтеріне мониторингті жүзеге асырады;

13) оған Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің актілері және тапсырмаларымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Агенттіктің құқықтары

8. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда және міндеттерді а т қ а р у д а :

1) Мемлекет Басшысы мен Республика Үкіметіне елдің даму стратегиясын әзірлеу, түзету және іске асыру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

2) ел дамуының стратегиялық жоспарларының іске асырылуын бақылауға;

3) мемлекеттік органдарға өздері қабылдаған, Елдің даму стратегиясы мен стратегиялық жоспарларын іске асыруға кедергі келтіріп отырған актілердің күшін жою немесе өзгерту туралы ұсыныстар енгізуге;

4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың орындауы міндетті нормативтік құқықтық актілер қабылдауға;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Ұлттық Банкінен, мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдар мен ұйымдардан өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Агенттік белгілеген мерзімде қажетті материалдарды с ұ р а т ы п а л у ғ а ;

6) өз құзыреті шегінде шет елдердің мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізуге және к е л і с і м д е р ж а с а с у ғ а ;

7) мемлекеттің тұрақты экономикалық даму проблемаларын шешу жөнінде ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау үшін жетекші ғалымдар мен мамандарды, соның ішінде шетелдік ғалымдар мен мамандарды қатыстыра отырып

ведомствоаралық комиссиялар, жұмыс топтарын және өзге ұйымдық нысандар
қ ұ р у ғ а ;

8) мемлекеттік органдар үшін стратегиялық жоспарларды іске асыру жөнінде
есеп берудің нысаны мен мерзімдерін белгілеуге;

9) қызметтерін экономиканың стратегиялық секторларында жүзеге асыратын
мемлекеттік органдар, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар өткізетін
мәжілістер мен кеңестерге, соның ішінде байқау кеңестері мен басқармаларының
мәжілістеріне өз құзыреті шегінде заңдармен белгіленген тәртіппен қатысуға;

10) мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарын оларға жүктелген
стратегиялық жоспарлардың іс-шараларын орындамағаны үшін тәртіптік
жауапкершілікке тарту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің
Әкімшілігіне, Жоғарғы Тәртіптік Кеңеске және Қазақстан Республикасының
Үкіметіне ұсыныс енгізуге хақылы.

6. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

9. Агенттікті Төраға (бұдан әрі - Төраға) басқарады, оны Қазақстан
Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметінен
б о с а т а д ы .

Агенттіктің Төрағасы Қазақстан Республикасының Президенті алдында
дәйекті түрде есеп беріп отырады.

10. Агенттік Төрағасының орынбасары - департамент директоры болады, оны
Төрағаның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке
тағайындайды және қызметінен босатады.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1999.03.26. N 91
Ж а р л ы ғ ы м е н .

U 9 9 0 0 9 1 _

1 1 . Т ө р а ғ а :

1) Агенттіктің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, оның
жүйесіне кіретін органдар мен ұйымдардың қызметтерін бақылауды жүзеге
а с ы р а д ы ;

2) Агенттіктің Департаменттері Директорларының және басқа да жауапты
қызметкерлерінің уәкілеттіктері мен міндеттерін айқындайды;

3) Агенттіктің Департаменттері мен оның қарамағындағы ұйымдардың
құрылымы мен олар туралы ережелерді бекітеді;

4) Агенттік қызметкерлеріне лауазымдар тағайындайды және
лауазымдарынан б о с а т а д ы ;

5) заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Агенттіктің
м ү д д е с і н б і л д і р е д і ;

6) өзінің құзыретіне жататын басқа мәселелер бойынша шешімдер
қ а б ы л д а й д ы .

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1999.03.26.

№ 91 Жарлығымен. U990091_

12. Агенттік белгіленген тәртіппен өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары атқаруға міндетті шешімдер қабылдайды.

Агенттіктің қабылдаған шешімдері Агенттік Төрағасының бұйрықтарымен ресімделеді.

13. Агенттік Төрағасының орынбасары - департамент директоры Төраға орнында болмаған кезде, оның орнын басады, оған Агенттік Төрағасы жүктеген өзге міндеттерді атқарады.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1999.03.26. № 91 Жарлығымен. U990091_

14. Агенттікте Директорлар кеңесі құрылады, оның құрамына лауазымы бойынша Агенттік Төрағасы (Директорлар кеңесінің төрағасы), Төрағаның орынбасары - департаменттер директорлары, сондай-ақ Агенттік Төрағасының шешімі бойынша Агенттіктің басқа жауапты қызметкерлері кіреді.

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1999.03.26. № 91 Жарлығымен. U990091_

15. Агенттік Төрағасының мемлекеттік органдардың, ғылыми ұйымдар, қоғамдық бірлестіктердің, банктердің, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын шақыра отырып, Консультативтік кеңес және басқа да кеңесші органдар құруға құқы бар.

№ 2 қосымша
Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 17 тамыздағы
№ 4021 Жарлығымен

бекітілген
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау
және реформалар жөніндегі агенттігінің
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық
Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру департаменті
Экономикалық саясат және арнайы бағдарламалар департаменті
Бюджеттік бағдарламалар департаменті
Ұйымдық-ақпараттық жұмыс басқармасы

ЕСКЕРТУ. 2-қосымша өзгерді - ҚР Президентінің 1999.03.26. № 91 Жарлығымен. U990091_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК